

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы
Қоғамдық кеңес отырысының
№9 ХАТТАМАСЫ**

10 шілде 2018 жыл

Алматы қ.

ҚАТЫСҚАНДАР

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы Қоғамдық кеңестің (бұдан әрі – Кеңес, ҚК) мүшелері:

- 1) Сейпульник Евгений Валерьевич, Кеңес Төрағасы;
- 2) Ахшабаева Наталья Токтарқызы;
- 3) Байтеев Алексей Николаевич;
- 4) Батищева Татьяна;
- 5) Бурабаев Ерлан Өмірзақұлы;
- 6) Жолдасбеков Азамат Мырзаданұлы;
- 7) Домбай Қуат Есімғалиұлы;
- 8) Кожухова Светлана Владимировна;
- 9) Своик Петр Владимирович;
- 10) Тәжібекова Жұмагүл Қуатбекқызы.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі-БЖЗҚ) өкілдері (дауыс беру құқығынсыз):

- 1) Егеубаева Сауле Аскарвна, БЖЗҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
- 2) Өтеғұлов Мәулен Амангелдіұлы, басқарушы директор;
- 3) Бақтыбаев Назым Әбдухалимұлы, «БЖЗҚ» АҚ Заң департаментінің директоры;
- 4) Ақмаева Марина Абрахманқызы, БЖЗҚ БАҚ-пен байланыс бөлімінің бастығы,

Кеңес хатшысы.

Отырысқа Кеңестің 10 мүшесі қатысты. Кворум бар.

Отырысты Кеңестің төрағасы Е.Сейпульник ашты. Ол отырыстың күн тәртібімен таныстырды.

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2018 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша «БЖЗҚ» АҚ-ның проблемалық эмитенттер активтерімен жұмыс;
2. Әртүрлі.

ҚАРАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша

Басқарушы директор Мәулен Өтеғұлов сөз сөйлеп, 2018 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша Қордың 20 проблемалық эмитентке қатысты жұмысы жалғасып жатқанын айтты. Олар 3 топқа жіктелген:

1) 2017 жылы оңалту рәсімі қолданылған («Роса» АҚ) немесе сот шешімі бойынша тоқтатылған оңалту рәсіміндегі («Қазақстан Қағазы» АҚ және «Имсталькон» АҚ) эмитенттер. Атаулы құны бойынша берешектің жалпы сомасы – 16,2 млрд.теңге.

2) Қор тарапынан шағым-талап қою жұмыстары жүзеге асырылатын эмитенттер. Бұл топқа 14 эмитент кіреді: «Астана-Недвижимость» АҚ, «Mineral Resources of Central Asia» АҚ, «ТЕМА Ко.»АҚ, «НОМЕБРОКЕР» АҚ, «Казнефтехим» АҚ, «РЭМИКС-Р» АҚ, «ТЕХНО-LIFE» АҚ, «Альтернативті қаржы» АҚ, «Сары-Арка Сарбазы» күзет корпорациясы» ЖШС, «Құрылыс материалдары және конструкциялар комбинаты-2» ЖШС, «Төрт Құдық» КБК» АҚ, «Өрнек ХХІ» АҚ, «АПКинвест корпорациясы» ЖШС,

«АБДИ Компани» АҚ. Бұл топ бойынша атаулы құн берешегінің жалпы сомасы – 17,4 млрд.теңге.

3) Оларға қатысты банкроттық рәсімі жүзеге асырылатын эмитенттер. Бұл топқа 3 эмитент кіреді: «Трансқұрылыскөпір» АҚ, «Валют-Транзит-Банк» АҚ, «GLOTUR» АҚ. Атаулы құны бойынша берешектің жалпы сомасы - 7,5 млрд.теңге.

Жоғарыда көрсетілген 20 проблемалық эмитент бойынша берешектің жалпы сомасы номиналды құны бойынша 41,15 млрд.теңгені құрайды.

Сөз сөйлеуші мынадай эмитенттер бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға егжей-тегжейлі тоқталып өтті:

- «Астана-финанс» АҚ (Қордың, ҚРҰБ және эмитенттің бірлескен іс-қимылдарының арқасында Қор алдындағы міндеттемелерді ықтимал орындамаудың теріс салдарын барынша азайтуға бағытталған алдын алу шараларын қабылдау салдарынан эмитенттің берешегі реттелді. Нәтижесінде эмитент Қордың зейнетақы активтерінің портфеліндегі теңгелік ноттарды толық көлемде сатып алды және Қордың зейнетақы активтеріне залал келтіру тәуекелдерінің алдын алды.

- «АБДИ Компани» АҚ, номиналды құны 3,8 млрд.теңге. («АБДИ Компани» АҚ-мен берешекті қайтару мақсатында Қор сотқа дейінгі шағым жіберіп, берешекті сотқа дейін реттеуді жүзеге асырады. Қазіргі уақытта Қор осы эмитенттің берешегін қайта құрылымдау жөніндегі ұсынысына талдау жүргізуде).

- «Қазақстан Қағазы»АҚ (Қор оңалту рәсімінің тоқтатылуымен келіспейді, Алайда Қордың барлық апелляциялық шағымдарына Алматы облыстық сотынан тиісті жауап алынбады. Осыған байланысты Қор Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық соты мен Алматы облыстық сотының шешімдеріне Жоғарғы сотқа шағымдануға мәжбүр болды).

- «Имсталькон» АҚ (ҚР ҰБ және Қор эмитенттен берешекті өндіріп алу туралы талап арызды көтерді, ол қанағаттандырылды. Сонымен бірге, эмитент өз әрекетін Қор талаптарын қарау кезінде эмитенттің банкроттығы туралы кезекті іс жүргізу қозғалғандығымен дәлелдей отырып, сот шешіміне шағымдануға тағы да өтініш берді. Осылайша, Қордың пікірінше, эмитент Қор алдындағы міндеттемелерін орындаудан жалтарады). Бұл ретте эмитентке қатысты Алматы қаласының Экономикалық тергеу қызметі қылмыстық іс қозғады. Қазіргі уақытта эмитент басшылығы мен акционерлерінің іс – әрекеттерін ҚР ҚК 190-бабы 4-бөлігі – адамдар тобының аса ірі мөлшердегі алаяқтық бойынша құқық қорғау органы саралайды. Баптың санкциясы кінәлі адамдардың әрекеттерін ауыр қылмыстарға жатқызады, мүлікті толық көлемде тәркілеуді көздейді. Бұл істі сот үкіміне жеткізу Қор үшін маңызды, өйткені ол басқа борышкерлерге оң әсер етеді.

Сонымен қатар, 2014 жылдан бастап Қор алдында өтелген берешектің жалпы сомасы 14 003 млн.теңгені құрады, оның ішінде: 2014-2016 жылдары – 1 475 млн. теңге, 2017 жылы – 1 249 млн. теңге, 2018 жылы – 11 279 млн. теңге.

БЖЗҚ-ның проблемалық активтермен жұмыстары туралы ақпаратын 2018 жылдың 1 шілдесіне дейін назарға алу ұсынылды. Мәселе келісуге ұсынылды.

«Қолдағандар» - 10,

«Қарсы» - 0,

«Қалыс қалғандар» - 0.

Дауыс беру қорытындысы: «бір ауыздан».

Күн тәртібіндегі 2-мәселе жабық режимде қаралды.

ШЕШТІ

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша

2018 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша проблемалық активтермен «БЖЗҚ» АҚ жұмысы туралы ақпарат назарға алынсын.

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша

Қоғамдық кеңестің ұстанымы тек БЖЗҚ салымшылары мен алушыларының мүдделерін қорғауда, оның ішінде проблемалық эмитенттердің қоғамдық пікір қалыптастыру, қажет болған жағдайда құқықтық қолдау бөлігіндегі берешектерін қайтару бойынша Қорға жәрдем көрсетуде деп белгіленсін, бұл ретте БЖЗҚ функциялары мен Қоғамдық кеңес міндеттерінің аражігін нақты ажыратып алу қажет.

Отырыс төрағасы
Отырыс хатшысы

Е. Сейпульник
М. Акмаева